



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

*Өзбекәлі Жәнібеков атындағы
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті*

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА
ЖОЛ КӨРСЕТКІШ**

Шежірелі шаңырақ	3
Менің таңдауым – Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ	5
Оқу ғимараттары және студенттер үйі	5
Студенттердің құқықтары мен міндеттері	6
ID карта алу. Корпоративтік пошта	7
Жатақханаға орналасу процедурасы	7
Академиялық адалдық қағидаттары	8
2023-2024 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе	8
Оқытудың кредиттік технологиясы	9
Оқу пәндеріне тіркелу және жеке оқу жоспарларын құру	9
Студенттердің оқу сабақтарына қатысуы	10
Студенттердің оқу жетістіктерін бақылау	10
Студенттерді оқудан шығару	12
Қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша оқу	12
ГРА және оны есептеу әдісі	13
Оқыту порталы	14
Тіркеу офисі	14
«Үміт» білім алушыларға қызмет көрсету орталығы	14
Физика-математика факультеті	15
Жаратылыстану факультеті	15
Тарих және педагогика факультеті	16
Филология факультеті	16
Дене шынықтыру және спорт факультеті	17
Өнер және білім факультеті	17
Кітапхана және электрондық каталогтар	18
Қоғамдық кәсіптер орталығы. Үйірмелер	19
Әскери кафедра	20
Студенттік өмір	21
Денсаулық	23
Маңызды байланыс желілері	23



Қымбатты жас дос!

Сізді Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің студенттері қатарына қосылуыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Ұстаздар ұстаханасы атанған шежірелі қара шаңырақ – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетіне қош келдіңіз!

Сіз өте дұрыс таңдау жасадыңыз! Еліміздегі педагогикалық оқу орындары арасында үздік бестікке кіретін білім, ғылым мен тәрбиенің киелі ордасынан талай білімпаз, ғұлама, айтулы ақын-жазушы, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткерлері қанаттанып, түлеп ұшқан. Оқу орнымыздың ғана емес, еліміздің мақтанышына айналған танымал түлектеріміздің өнегелі жолын жалғастырар үздік студент болуыңызды қалаймыз.

Сіздерге табысты, тәжірибелі педагогтар, ғылым докторлары, профессор, академиктер дәріс береді. Отандық, шетелдік озық ғалымдардың ғылыми бағыттардың жетістіктерімен, жаңа білім беру мазмұны мен әдістерімен таныс бола отырып, кәсіби маман болуға қажетті білім-дағдыларды игересіздер. Студенттік өмір тек сабақ оқумен, ғылыммен айналысумен шектелмейді. Оқу орнындағы Жастар саясаты бөлімі, Студенттік ректорат құрамындағы ұйымдар студенттік шақты мазмұнды, қызықты етіп өткізуге қол ұшын созуға дайын. Қоғамдық кәсіптер орталығында 14 үйірменің біріне қатыссаңыз, мектеп мұғаліміне қажетті қосымша кәсіп үйренесіз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев атап көрсеткендей, «Абай айтқан бес асыл іске берік – талапшыл, еңбекшіл, ойшыл, қанағатшыл, рақымшыл болсаңыз, болашағыңыз жарқын, жұлдызыңыз жоғары болмақ!»

Тәуелсіз еліміздің білгір, саналы азаматы, кәсіпқой маманы болуға ұмтылыңыз! Ол үшін біз өз тарапымыздан барлық жағдай мен жан-жақты мүмкіндікті жасаймыз.

Тұғыры биік, еңселі еліміздің білімді, білікті, ізгілікті ұстазы, мемлекеттік, ұлттық ұстанымға адал, отаншыл азаматы болуыңызға тілектеспін!

***Ізгі ниетпен, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің
Басқарма төрағасы - Ректоры
Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы***

ШЕЖІРЕЛІ ШАҢЫРАҚ

Сізді Қазақстанның ең байырғы оқу ордасы негізінде құрылған еңселі білім шаңырағында көргенімізге қуаныштымыз!

1937 жылы оңтүстікте бірінші ашылған екі жылдық мұғалімдер институты 1954 жылы Шымкент педагогикалық институты болып қайта құрылды. Педагогикалық институт оңтүстік өңіріндегі ең алғашқы жоғары оқу орны болды. Осы уақыт аралығында еліміздің сол кезеңдегі маңдайалды алғашқы зиялылары, ғалым ұстаздары еңбек еткен қасиетті де киелі қара шаңырақ тек облыс көлемінде ғана емес, республикамыздың басқа да аймақтары үшін мыңдаған білікті маман педагогтарды даярлап шығарды. Біз белгілі ақын-жазушылар, қоғам және мемлекет қайраткерлері М.Шаханов, Ә.Дербісәлі, Х.Есенқарақызы, Н.Бегалыұлы, И.Сапарбай, Е.Бопова, К.Алипова, С.Барақова сияқты түлектерімізбен мақтанамыз.

1993 жылы Шымкент педагогикалық институты ҚР Үкіметінің қаулысымен Түркістан қаласында жаңадан ашылған Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің құрамына кірді.

ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 722 қаулысымен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты болып қайта ашылды.

2017 жылдың 17 қарашасында ҚР Үкіметінің № 753 Қаулысымен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтына университет мәртебесі берілді.

2018 жылдың 16 қазанында Үкіметтің №649 Қаулысымен «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болды. 2019 жылдың 12 сәуірінде Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданының Әділет басқармасында заңды түрде мемлекеттік тіркеуден өтті.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылдың 3 қазанындағы №512 бұйрығымен мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің есімі беріліп, «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып өзгерді.

Жаңадан қайта түлеп, жаңашылдық пен рухани жанашырлықтың жаршысына айналған Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті аймақтағы алдыңғы қатарлы ғылым мен білім, тәрбие ордасы саналады. Қазіргі таңда университетте бакалаврдың – 34, магистратураның – 22 және докторантураның 11 білім беру бағдарламасы бойынша сапалы білім беріліп, бәсекеге қабілетті болашақ мамандар даярлануда.

Университеттің миссиясы –білім саласындағы озық тәжірибелер негізінде адами капитал сапасын арттыру.

Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті стратегиялық жоспарлау міндеттерін жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін дамытудың әдістемелік орталығы мен көшбасшысының бірі ретінде әлемдік деңгей талаптарына сай заманауи ЖОО-ға, жаңа форматтағы білім беру және ғылым хабына айналуды көздейді.

Қазіргі таңда университет беделін көтеру, үш тілді білім беруді жетілдіру, мамандар сапасын жоғары деңгейге жеткізу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Ол үшін, ең алдымен, студенттердің жан-жақты, шығармашылықпен

білім алуына бар жағдайды жасаймыз. Білім, ғылым салаларына және білікті, бәсекеге қабілетті маман даярлау ісіне ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев тарапынан ерекше көңіл бөлініп, үздіксіз қолдау көрсетілуде. Біздің оқу орны өзіне үлкен жауапкершілік жүктелгенін сезініп, биік белестерден көрінуді мақсат етеді.



МЕНІҢ ТАҢДАУЫМ – ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



МЕНИҢ ТАҢДАУЫМ – ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ОҚУ ҒИМАРАТТАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕР ҮЙІ



СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

ҚҰҚЫҚТАРЫ

- Жалпыға міндетті стандартты мамандықтың аясында білім алу;
- академиялық және академиялық емес қызметтің кез келген оқу және оқудан тыс бөлімшелерінен, университет әкімшілігі тұлғаларынан ақпарат сұрату және алу;
- оқу жоспарына сәйкес, қосымша білім беру қызметтерін өзінің қабілеті мен қажетіне сай балама курстарды таңдау;
- барлық оқылатын пәндер бойынша силлабустар және пәндердің оқу-әдістемелік кешенін, ақпараттық ресурсты, кітапхана мен техникалық орталықтардың қызметін тегін пайдалану;
- оқылатын пәннің сапасы мен деңгейін бағалай отырып, профессор-оқытушылар құрамының сауалнамасына қатысу;
- бір оқу орнынан басқа оқу орнына, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауысу;
- университеттің спорттық және мәдени өміріне жоспардан тыс қатысу.

МІНДЕТТЕРІ

- Белгіленген мерзімде оқу жоспарына сай тапсырмаларды орындау;
- күнделікті сабақтарға қатысу;
- сабақтан кешікпеу;
- университет мәртебесіне қамқорлық ретінде мәдени және кәсіптік деңгейін жоғарылату;
- университет қызметкерлерінің, оқытушыларының адами қадір-қасиетін және білім алушылардың пікірін құрметтеу;
- университет мүлкін қорғауға, ішкі тәртіп пен жатақхана ережесін сақтау.



ID КАРТА АЛУ. КОРПОРАТИВТІК ПОШТА

Талапкер күндізгі оқу нысанының бірінші курсына қабылданғаннан кейін факультет деканаттарында студенттерге ID-карта беріледі. ID-карта студенттік билет, кітапханадан оқулық алу үшін оқырман билеті және университет аумағына кіруге рұқсат беретін бірден-бір құжат ретінде де қолданылады. ID-картаны басқа тұлғаға беруге немесе басқа біреудің ID-картасын қолдануға және оның балама түрін жасауға қатаң тыйым салынады.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің барлық студенттеріне корпоративті электронды пошта ашылған және оны студенттер - өз деканаттарынан ала алады.

Корпоративті электронды пошта университеттің доменінде құрылған және бұл поштаны қолдану арқылы университеттің жұмысын тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Ең алдымен, бұл поштаға деген сенім артады және пошта қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік жасалады. Университет осы пошта қолданушыларының іс-әрекеттерін бақылау мақсатында көре алады және қолданушыларға көмек (пароль ауыстыру) керек болса, дер кезінде көмек көрсете алады.

Корпоративті электронды пошта форматы:

familiyanyz.atynyz@okmpu.kz



ЖАТАҚХАНАҒА ОРНАЛАСУ ПРОЦЕДУРАСЫ

Жатақханаға орналасу үшін білім алушы Платонус жүйесі арқылы онлайн түрдегі өтінім беруі тиіс.

Сонымен қатар арнайы комиссия ұсынылатын төмендегі құжаттарды сканерлеп, тіркеуі керек:

- 1) университет ректорының атына өтініш;
- 2) мүгедектігі туралы анықтама (бар болған жағдайда);
- 3) жетім/жартылай жетім екендігін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 4) көп балалы отбасынан шыққандығын растайтын құжат;
- 5) халыққа қызмет көрсету орталығынан алынған тұрғылықты мекенжайы туралы анықтама;
- 6) университеттің медициналық қызметінің медициналық тексеру өткізгендігі туралы анықтама;
- 7) GPA балы 3,0-ден кем емес студенттер үшін Тіркеу офисі берген анықтама, факультет деканы бекіткен мінездеме (№ 1 Студенттер үйіне орналасу үшін);
- 8) жеке куәлік көшірмесі – 2 дана;
- 9) 3*4 фотосурет – 2 дана;
- 10) жатақханада тұру үшін төленген төлемақы түбіртегі.



АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Білім беру процесінде өзінің оқуына жауапкершілігін және жеке адалдығын дамыту білім алушылардың академиялық адалдығының негізгі қағидаттары болып табылады:

- адал ниеттілік – білім алушылардың бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды әділ, тыңғылықты орындауы;
- авторлық құқықты қорғауды іске асыру – бағаланатын жұмыстарда дерек көздерін көрсетуі, басқаның ойын, сөзін бұрмаламай беруі, авторлық құқықтың нысаны болып табылады.
- ашықтық – өзара сенімділік, білім алушылар мен педагогикалық қызметкерлер және олармен теңестірілген тұлғалардың арасындағы идеялар мен ақпарат алмасудың ашықтығы;
- білім алушылардың бостандығы мен құқықтарын құрметтеу – білім алушылардың пікірімен идеяларын еркін білдіру құқығы;
- академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін *оқытушы ретінде* оқытушыға құрмет көрсету;
- академиялық адалдықты ілгерілету және қорғау үшін білім беру процесінің қатысушыларын көтермелеу және ынталандыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін шаралар қабылдау.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ

2023 – 2024 оқу жылының күзгі семестрі	
Пәнге тіркелу	28.08-01.09.2023
Күзгі семестрдің пәндері бойынша теориялық курсының басталуы	04.09.2023
1-межелік бақылау	16.10-20.10.2023
2- межелік бақылау	11.12-15.12.2023
Күзгі семестрдегі теориялық курстың аяқталуы	15.12.2023
Күзгі семестрдегі емтихан сессиясы (3 апта)	18.12.2023-05.01.2024
Қысқы демалыс (14 күн)	08.01.2024-19.01.2024
2022 – 2023 оқу жылының көктемгі семестрі	
Оқу практикасы	22.01-02.02.2024
Көктемгі семестрдің пәндері бойынша теориялық курстың басталуы	05.02.2024
1-межелік бақылау	18.03-22.03.2024
2- межелік бақылау	13.05-17.05.2024
Пәнге тіркелу	01.04-12.04.2024
Көктемгі семестрдегі теориялық курстың аяқталуы	17.05.2024
Көктемгі семестрдегі емтихан сессиясы	20.05.2024-07.06.2024
Жазғы семестрге тіркелу	04.06-07.06.2024
Жазғы семестр	10.06-19.07.2024

ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Университетте оқу процесі оқытудың кредиттік технологиясы (ОКТ) бойынша жүзеге асырылады.

Оқыту пәндерді таңдау негізінде кредитті (пәндердің бірлік өлшемі) пайдаланумен орындалады. Әр пән 5, 4, 3 (кейде 6, 8 кредит) кредитпен өлшенеді және бір семестр барысында оқытылады.

Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең. Оның аудиториялық жұмыс көлемі әр пән көлемінің кемінде 30%-ын құрайды. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

Білім алушылардың өзіндік жұмысына үлкен маңыз беріледі: БӨЖ – білім алушының өзіндік жұмысы; БОӨЖ – білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы.

Әр білім алушыға семестрдің алғашқы аптасында сол семестрде оқылатын оқу жұмыс жоспарының әр пәні бойынша силлабус және оқу-әдістемелік кешен (электронды түрде «универ» жүйесінде) ұсынылады. БӨЖ тапсырмалары және оны тапсыру мерзімі силлабуста көрсетіледі. Оқытушылар Сізден тапсырмаларды оқып және орындауды талап етеді.

Бір оқу жылы аясында оқу процесін ұйымдастыру академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады. Академиялық күнтізбеде оқу жылы ішіндегі оқу сабақтарын, аралық және қорытынды аттестаттауды, кәсіптік практикаларды және оқу жұмысының басқа түрлерін өткізудің кезеңдері, демалыс күндері (демалыстар мен мерекелер) көрініс табады. Академиялық күнтізбе «Универ» жүйесі мен ОҚМПУ сайтына орналастырылады.

ОҚУ ПӘНДЕРІНЕ ТІРКЕЛУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫН ҚҰРУ

Білім алушы академиялық тәлімгері - эдвайзердің көмегімен пәндерге тіркеліп, оқу жылына арналған оқытудың жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастырады. Тіркеуді жүргізу уақыты **академиялық күнтізбеде** көрсетіледі. Пәнді оқуға білім алушыларды тіркеуді Тіркеу офісі ұйымдастырады. Сонымен қатар, әдістемелік-ұйымдастыру және консультациялық жұмыстарды өткізу үшін арнайы кесте бойынша эдвайзер-тәлімгерлер презентациялар өткізеді.

Білім алушы тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламасын меңгеру үшін әдетте оқу жылында белгіленген 60 кредиттен кем түспейтін санына жазылады. Бұл ретте, білім алушы бір семестр ішінде 30 академиялық кредитті меңгереді. Білім алушының бір семестр ішінде академиялық кредиттердің аз немесе көп мөлшерін меңгеруіне де рұқсат беріледі.

Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемшарты студенттің барлық оқу кезеңінде, оқу әрекетінің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде - 240 кредитті меңгеруі болып табылады.

ОҚМПУ-ға жаңа түскен білім алушылардың тіркелуі бірінші семестрдің басталуына дейін бағыт беру аптасының ішінде жүргізіледі.

ЖОЖ-ды 1 данада факультет деканы бекітеді және ол деканатта сақталады.

СТУДЕНТТІҢ ОҚУ САБАҚТАРЫНА ҚАТЫСУЫ

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің білім алушылары бекітілген кестеге сәйкес барлық оқу түрлерінің сабақтарына қатысуға міндетті. Сабақтан себепсіз қалуға болмайды.

Білім алушы сабақтан келесі дәлелді себептері болған кезде босатылады:

1) ауырып қалған жағдайда;

2) шетелдік іссапарға болған мерзімде, спорттық жарыстарға барғанда (дәлелді құжаттарды деканатқа өткізу қажет);

3) жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты (қайтыс болғандығы туралы анықтаманы деканатқа өткізу қажет);

4) университет басшылығының келісімімен республикалық, облыстық, университет деңгейдегі басқа іс-шаралар (өкім), сондай-ақ құжатталған форс-мажор жағдайларда.

Бір академиялық кезең (семестр) ішінде **дәлелді себепсіз, үзіліссіз 72** және одан көп сағат сабақты жіберіп алған білім алушылар университеттің академиялық саясатын бұзғаны үшін оқудан шығарылады.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУ

Білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру үшін университетте олардың білімін бақылаудың келесі түрлері қарастырылған:

- ағымдық бақылау;
- аралық бақылау (емтихан).

Ағымдық бақылау дегеніміз - академиялық кезең ішінде оқытушының аудиторияда және аудиториядан тыс жұмыстарда жүргізген оқу жоспарына сәйкес студенттердің білімін жүйелі түрде тексеру.

Ағымдық бақылау тапсырмаларын орындауға арналған балл пәннің силлабусында апта сайын орындалған тапсырмалардың саны мен қиындық дәрежесіне сәйкес бөлінеді.

Ағымдық бақылаудың бағалары Univer жүйесіне қатысу журналында пәннің силлабусына сәйкес тиісті оқу аптасында қойылады.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау бір семестрде 5 апталық аралыққа бөлінгендіктен 3 рет қорытындыланады. Әрбір ағымдық бақылау аралығында профессор-оқытушы құрамы білім алушыларды практикалық, лаборатория, семинар, БӨЖ және т.б. сабақтарында бағалайды, жиынтық балл әр бақылау аптасында Univer жүйесінде автоматты түрде шығады.

Білім алушы белгілі бір себептермен (денсаулығына, отбасы жағдайына, қызметтік себептерге байланысты дәлелді құжаттары болған кезде) силлабуста көрсетілген бағалау аптасында болмағандығына байланысты ағымдық бақылау тапсырмаған жағдайда факультет деканы жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат бере алады.

Аралық бақылау (емтихан) – пәнді оқыту мерзімі аяқталғаннан кейін академиялық күнтізбеге сәйкес емтихан сессиясы кезінде жүзеге асырылады.

Емтихан кестесі емтихан басталмай тұрып екі апта бұрын Тіркеу офисінде дайындалып, «Univer» жүйесіне қойылады.

Сессияға оқу ақысын толық төлеген, сабаққа 70%-дан жоғары қатысқан, емтиханға жіберу рейтингі балын ($PЖ \geq 50$ балл) жинаған, академиялық демалыста немесе ұзақ мерзімді емделуде болмаған студенттер жіберіледі.

Емтихандар ауызша, жазбаша, тест, шығармашылық, жоба, аралас және т.б. түрде өткізіледі.

Емтихан басталғанға дейін білім алушы емтихан тәртібі ережелерімен танысуға және осы ережелерді сақтауға жеке жауапкершілікпен қарауға міндетті.

Емтиханға келмеген жағдайда білім алушы пән бойынша «F» (Fail) деген баға қойылады.

Емтиханға себепті жағдайларда (денсаулығына, отбасы жағдайына, қызметтік себептерге байланысты) келмеген білім алушыға растайтын құжаттары болған кезде факультет деканы өкіммен емтиханды жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат береді.

Қорытынды бақылаудың оң бағасын емтихан сессиясының осы кезеңінде көтеру мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

«FX» «қанағаттанарлықсыз» бағасын алғанда оқу пәнінің бағдарламасын қайталап өтпей-ақ университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес қорытынды бақылауды бір реттен артық емес қайта тапсыруға рұқсат беріледі.

«F» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» бағасын алғанда білім алушы осы оқу пәніне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды тапсырады.

Білім алушының қорытынды бағасының 60%-ы ағымдық бақылаулардан (практикалық, лаборатория, семинар, БӨЖ және т.б. сабақтарынан), қалған 40%-ы емтиханнан жиналады.

Аралық аттестаттаудың қорытындысы төменде көрсетілген формуламен есептелінеді:

1-ағымдық баға ($AB1$) ≤ 100 ;

1-межелік баға ($MB1$) ≤ 100 ;

2-ағымдық баға ($AB1$) ≤ 100 ;

2-межелік баға ($MB1$) ≤ 100 ;

Емтихан (E) ≤ 100

Қорытынды бағалау ($ҚБ$) $= 0,6 \cdot PЖ + 0,4 \cdot E$

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

<u>Әріптік жүйе бойынша бағалар</u>	<u>Балдардың сандық эквиваленті</u>	<u>Балдар (%-тік құрамы)</u>	<u>Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар</u>
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	

C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

СТУДЕНТТЕРДІ ОҚУДАН ШЫҒАРУ

Білім алушылар университеттен келесі жағдайларда оқудан шығарылады:

- 1) академиялық үлгермеушілігі;
- 2) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;
- 3) Ішкі тәртіп қағидалары мен ЖОО жарғысын бұзғаны үшін;
- 4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақылы негіздегі оқу төлемақысын төлемеген жағдайда;
- 5) өз еркімен;
- 6) курстан-курсқа қалдырылған білім алушылар қайта оқуға тіркелмеген жағдайда.

Университеттен оқудан шығарылған білім алушыға белгіленген үлгідегі **академиялық анықтама (транскрипт)** беріледі.

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚУ

1. Оқу процесін жаппай қашықтықтан білім беру технологиясына (ҚБТ) оқытуға ауыстыру тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдайлар енгізілген жағдайларда білім беру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша іске асырылады.

2. Университет ҚБТ бойынша оқу процесі Платонус автоматтандырылған-ақпараттық жүйесінде, ZOOM платформасында және оқытушылар таңдаған басқа да платформаларда «on-line», «off-line» режимінде іске асырылады.

3. Барлық пәндер бойынша лекциялық, практикалық және зертханалық сабақтар сабақ кестесіне сай, ZOOM немесе оқытушылар таңдаған басқа да платформаларда түрлі формада (бейне-конференциялар, бейне-лекциялар, дербес онлайн-жұмыс, онлайн-курстар, чат-сабақтар, веб-сабақтар және т.б.) жүргізіледі. Бірақ тапсырмалар бойынша кері байланыс Платонус жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

4. Пәндердің бейнесабақтарын университет сайтындағы сілтемелер арқылы кафедралардың Youtube каналдарынан көруге болады.

5. Білім алушылар сабаққа кестесіне сәйкес жүргізілетін онлайн сабақтарға қатысуы міндетті. Сабақтан босату себепті жағдайларда ғана рұқсат етіледі.

6. Пән оқытушысы білім алушылардың білімін ағымдық және межелік бақылауларды электронды ресурстар арқылы түрлі (тест, жазбаша, аралас, портфолио, эссе және т.б.) формада жүзеге асырады.

7. Білім алушылар онлайн сабақ барысында әдеп нормаларын сақтауға міндетті.

ГРАЖӘНЕ ОНЫ ЕСЕПТЕУ ӘДІСІ

GPA деген не?

GPA (gradepointaverage) – білім алушы үлгерімінің орташа балы, бір оқу жылындағы оқу жетістіктерінің бағалау деңгейі. GPA нәтижесі келесі курсқа ауысу және мемлекеттік білім грантын сақтауға негіз болып табылады.

Келесі оқу жылына көшуге, сонымен қатар мемлекеттік білім грантын сақтауға қажетті үлгерімнің төменгі орташа балы (GPA)

1) бакалавр бағытында:

1-курстан 2-курсқа – 1,8;

2-курстан 3-курсқа – 2,0;

3-курстан 4-курсқа – 2,0;

4-курстан 5-курсқа – 2,0

2) магистратура бағытында:

1-ші курстан 2-ші курсқа – 2,2.

3) докторантура бағытында:

1-ші курстан 2-ші курсқа – 2,2;

2-ші курстан 3-ші курсқа – 2,5.



GPA-ны қалай есептейді?

Курс бойынша емтихан сессияларының қорытындылары бойынша жазғы семестрдің нәтижелерін қоса есептегенде Тіркеу офисі білім алушының орта балын (GPA) анықтайды. Бұл балл барлық кредиттер сомасы мен пән бойынша қорытынды бағасын (сандық көрсеткішпен) ағымдағы академиялық кезеңдегі кредиттер сомасынан есептеледі. GPA білім алушының транскрипінде тіркеледі. GPA төмендегідей формула бойынша есептеледі:

$$GPA = \frac{ҚБ_1 * K_1 + ҚБ_2 * K_2 + \dots + ҚБ_n * K_n}{K_1 + K_2 + \dots + K_n}$$

ҚБ1, ҚБ2,... – сандық көрсеткіштегі пәндер бойынша қорытынды бағалар;

K1, K2,... – оқытылған пәндер көлемі (кредит бойынша);

n – бүкіл оқу мерзімінде оқытылған пәндердің саны.

GPA есептеу үлгісі:

Пән	Кредит	Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті
Қазақстан тарихы	5	A+	4,0
Философия	5	B	3,0
Математика	6	B	3,0

Қазақстан тарихы: $4,0 \times 5 = 20,0$;

Философия: $3,0 \times 5 = 15,0$;

Математика: $3,0 \times 6 = 18,0$;

Кредиттер сомасы: $20 + 15 + 18 = 53$;

Кредиттердің жалпы саны: $5 + 5 + 6 = 16$.

GPA = кредиттер сомасы / кредиттердің жалпы саны = $53 / 16 = 3,31$.

ОҚЫТУ ПОРТАЛЫ

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетіндегі оқыту порталы – Платонус автоматтандырылған-ақпараттық жүйесі.

Платонусжүйесінде әр білім алушының жеке парағы (жеке web-парақшасы) жасалған, студенттердің керекті ақпаратты табуына, қашықтықтан оқитын студенттерге тез арада оқу және бақылау бағдарламаларына еніп, оқытушылармен интернет желісі арқылы немесе жоғары оқу орнының ішкі желісі арқылы қатынас жасауына көмек көрсетеді.

Бұл жүйе – өте қызықты әрі қажетті, өйткені кез келген білім алушы өз парақшасына кіру арқылы өз бағаларын, ағымдық, межелік бақылаулар мен емтихан қорытындыларын, яғни пән бойынша қорытынды бағаларын, академиялық қарыздарын білуге мүмкіндік алады.

Барлық білім алушылар Алатонус ақпараттық жүйесіне кіру үшін білім беру бағдарламаларына жауапты эдвайзерлерден жеке логиндері мен парольдерін алады.

Платонус жүйесіне кіру үшін интернет желісіне қосылған компьютерде кез келген браузерді (Google Chrome, Mozilla Firefox, Internet Explorer және т.б.) қолдануға болады.

ТІРКЕУ ОФИСІ

Тіркеу офісі (ТО) – білім алушылардың оқудағы жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрін ұйымдастыру жұмысын қамтамасыз ететін, олардың транскриптерін, жеке істерін жүргізетін академиялық қызмет. Тіркеу офісі университеттің «Д» ғимаратының екінші қабатында орналасқан.

«ҮМІТ» БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ

Әртүрлі анықтамаларды беретін, білім алушылардың статистикасын жүргізетін, «бір терезе» ұстанымы бойынша жұмыс істейтін білім алушылардың оқу орнын ауыстыруға / оқу орнына қайта қабылдануға, оқудан шығаруға, академиялық демалысқа және тағы басқаға арналған өтініштерін қабылдайтын академиялық қызмет. «ҮМІТ» білім алушыларға қызмет көрсету орталығы университеттің «Д» ғимаратының алдындағы жеке ғимаратта орналасқан.



ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТИ

Физика-математика факультеті университеттің ең ежелгі және үлкен факультеттерінің бірі. 1938 жылы Шымкент мұғалімдер институтының негізгі екі факультетінің бірі болып ашылған.

Физика-математика факультетінің деканы - педагогика ғылымдарының кандидаты А.Б.Ибашова.

Факультет «Шаңырақ» оқу ғимаратының 3 қабатында орналасқан. Факультет 6 бакалавриат, 3 магистратура және 6 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлайды:

Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламалары атауы

1. 6B01501 - Математика мұғалімдерін даярлау;
2. 6B01502 - Физика мұғалімдерін даярлау;
3. 6B01503 - Информатика мұғалімдерін даярлау;
4. 6B01508 - Математика-Физика мұғалімдерін даярлау;
5. 6B01509 - Математика-Информатика мұғалімдерін даярлау;
6. 6B01510 - Физика-Информатика мұғалімдерін даярлау.

Магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламалары атауы

1. 7M01501 - Математика педагогін даярлау;
2. 7M01502 - Физика педагогін даярлау;
3. 7M01503 - Информатика педагогін даярлау;
4. 8D01501 - Математика педагогін даярлау;
5. 8D01502 - Физика педагогін даярлау;
6. 8D01503 - Информатика педагогін даярлау.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТИ

Жаратылыстану факультеті «Шаңырақ» оқу ғимаратының 4 қабатында орналасқан. Жаратылыстану факультетінің деканы - ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Айтбаева А.Е.

Жаратылыстану факультеті 7 бакалавриат, 4 магистратура және 2 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлайды:

Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламалары атауы

1. 6B01504 - Химия мұғалімін даярлау;
2. 6B01505 - Биология мұғалімін даярлау;
3. 6B01405 - Құқық және экономика мұғалімін даярлау;
4. 6B01601 - Тарих мұғалімін даярлау;
5. 6B01602 - Тарих-Дінтану мұғалімін даярлау;
6. 6B01801 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану маманын даярлау;
7. 6B01901 - Арнайы педагогика маманын даярлау.

Магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламалары атауы

1. 7M01201 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы;
2. 7M01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі;
3. 7M01601 - Тарих педагогін даярлау;
4. 7M01901 - Арнайы педагогика;
5. 8D01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі;
6. 8D01601 - Тарих педагогін даярлау.

ТАРИХ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІ

Тарих және педагогика факультеті университеттегі үлкен факультеттердің бірі. Факультет тарихы 1937 жылы ашылған алғашқы екі факультеттің бірі ретінде университет тарихымен сабақтасып келеді.

Тарих және педагогика факультетінің деканы - педагогика ғылымдарының кандидаты Таутаева Г.Б. Факультет университеттің «Қазына» ғимаратында орналасқан.

Факультетте 7 бакалавриат, 4 магистратура және 2 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлайды:

Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламалары атауы

1. 6B01101 - Педагогика және психология;
2. 6B01201 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы;
3. 6B01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау;
4. 6B01601 - Тарих мұғалімін даярлау;
5. 6B01602 - Тарих-Дінтану мұғалімін даярлау;
6. 6B01801 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану маманын даярлау;
7. 6B01901 - Арнайы педагогика маманын даярлау.

Магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламалары атауы

1. 7M01201 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы;
2. 7M01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі;
3. 7M01601 - Тарих педагогін даярлау;
4. 7M01901 - Арнайы педагогика;
5. 8D01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі;
6. 8D01601 - Тарих педагогін даярлау.

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Филология факультеті университеттің ең ежелгі және үлкен факультеттерінің бірі. 1937 жылы Шымкент мұғалімдер институтының негізін қалаған алғашқы факультетінің бірі болып ашылған.

Филология факультетінің деканы - филология ғылымдарының кандидаты Масалиева Ж.А.

Факультет университетіміздің «Тұмар» оқу ғимаратында орналасқан. Факультетте 8 бакалавриат, 3 магистратура және 2 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлайды:

Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламалары атауы

1. 6B01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау;
2. 6B01702 - Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау;
3. 6B01703 - Ағылшын және неміс тілдерінің мұғалімін даярлау;

Магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламалары атауы

1. 7M01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау;
2. 7M01702 - Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау;
3. 7M01703 - Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау;

4. 6B01704 - Қазақ тілін оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау;
5. 6B01705 - Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау;
6. 6B02302 - Филология;
7. 6B02301 - Аударма ісі;
8. 6B01706 - Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау.

5. 6D011800 - Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ФАКУЛЬТЕТІ

Шымкент педагогикалық институтында «Дене тәрбиесі» мамандығы 1966-1967 оқу жылында ашылды. Алғаш рет 25 студент қабылданды.

1970-1971 оқу жылында «Дене шынықтыру» мамандығы жеке Дене тәрбиесі факультеті болып құрылды.

Дене шынықтыру және спорт факультетінің деканы - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Тұрысқұлов Ө.Ж.

Факультет Спорт кешені ғимаратының 2 қабатында орналасқан. Факультетте 2 бакалавриат және 2 магистратура білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлайды:

Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламалары атауы

1. 6B01401 - Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау;
2. 6B01402 - Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау.

Магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламалары атауы

1. 7M01401 - Бастапқы әскери дайындық педагогін даярлау;
2. 7M01402 - Дене шынықтыру педагогін даярлау.

ӨНЕР ЖӘНЕ БІЛІМ ФАКУЛЬТЕТІ

Өнер және білім факультеті институттың ертеден келе жатқан факультеттерінің бірі. 1994 жылы Шымкент мұғалімдер институтының негізгі екі факультетінің бірі болып ашылған.

Өнер және білім факультетінің деканы - педагогика ғылымдарының кандидаты Байбатшаева А.Е.

Факультет «Тұмар» оқу ғимаратының 1 қабатында орналасқан. Факультетте 4 бакалавриат, 5 магистратура және 2 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярланады:

Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламалары атауы

1. 6B01404 - Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау;
2. 6B01406 - Кәсіптік оқыту мұғалімін даярлау;

Магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламалары атауы

1. 7M01407 - Бейнелеу өнері және сызу педагогін даярлау;
2. 7M01406 - Кәсіптік оқыту педагогін даярлау;

3. 6B02101 - Дизайн;
4. 6B01403 - Музыка мұғалімін даярлау.

3. 7M01404 - Көркем еңбек және сызу педагогін даярлау;
4. 7M02101 - Дизайн;
5. 7M01403 - Музыка педагогтерін даярлау;
6. 8D01406 - Кәсіптік оқыту;
7. 8D01407 - Бейнелеу өнері және сызу.

КІТАПХАНА ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ КАТАЛОГТАР

Кітапхана құрылымы: алты оқу залы (бас оқу залы, ғылыми оқу залы, электронды оқу залы, «100 жаңа оқулық» оқу залы, жатақханадағы оқу залы, салалық оқу залы) және бір абонемент.

Оқытушылар мен білім алушыларға «КАБИС» электрондық каталогына, деректер қорына және Интернет/Интранет ресурстарына қол жеткізу мүмкіндігі бар, WI-FI қызмет көрсету аймағы бар Интернет ресурстарына тегін және шектеусіз қол жеткізу жүзеге асырылады.



Білім алушылар электрондық кітапхана мүмкіндіктерін тек оқу процесі мен ғылыми зерттеулер үшін қажетті ақпаратты іздеу және өз бетінше жұмыс істеу үшін пайдалануға болады.

ОҚМПУ Интернет желісінде «Web. КАБИС» электрондық каталог:
<http://172.22.227.9/KABIS/>

Интернет желісінде «Web. КАБИС» электрондық каталог:
<http://ais.okmpi.kz/kabis>

Цифрлық кітапхана «Aknurpress»
<http://aknurpress.kz>

Мультимедиялық оқулықтарды (смарт кітаптар)
<https://web.smart-kitap.kz>

ҚОҒАМДЫҚ КӘСІПТЕР ОРТАЛЫҒЫ. ҮЙІРМЕЛЕР

«Қоғамдық кәсіптер даярлау» орталығында 8 түрлі үйірме жұмысын жүргізуде. Олар: Эстрада, Айтыс, Дефиле, Домбыра, Бейнелеу өнері, Қолөнер, Аспаптар жасау, Би үйірмелері.

Орталық университетішілік іс-шаралардан басқа қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі байқауларға қатысып, өнерпаз студенттердің шығармашылығын шыңдауда елеулі істер атқарылуда.



АЙТЫС ҮЙІРМЕСІ

ДОМБЫРА ҮЙІРМЕСІ

ЭСТРАДА ҮЙІРМЕСІ

БИ ҮЙІРМЕСІ

АСПАПТАР ЖАСАУ ҮЙІРМЕСІ

ГОБЕЛЕН ҮЙІРМЕСІ

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ҮЙІРМЕСІ

ДЕФИЛЕ ҮЙІРМЕСІ

“ОҚМПУ ҚҰРАМАСЫ”
ЖАЙДАРМАН ТОБЫ



ӘСКЕРИ КАФЕДРА



ӘСКЕРИ КАФЕДРА

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің ӘСКЕРИ КАФЕДРАСЫ



ОҚМПУ әскери кафедрасы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2018 жылғы 05 желтоқсандағы №843 бұйрығымен құрылған.

2019 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің әскери кафедрасы запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша студенттерді әскери даярлыққа оқытып келеді.

ЗАПАСТАҒЫ ОФИЦЕРЛЕРДІ ДАЯРЛАУ МЫНА МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ:

Идеологиялық жұмысты ұйымдастыру

Өртке қарсы қорғауды ұйымдастыру

Аумақтық қорғанысты жоспарлау және ұйымдастыру

Киім-кешекпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру

Әскери барлау бөлімшелері мен бөлімдерін жауынгерлік қолдану



СТУДЕНТТІК ӨМІР



СТУДЕНТТІК ӨМІР

Студенттік өмір – жеке тұлғаның шығармашылық дамуы мен пайдалы дағдыларды меңгеретін алтын уақыты. Ал студенттік ұйымдар – бұның барлығына қол жеткізудің керемет мүмкіндігі.

Университеттің Жастар саясаты бөлімі белсенді, дарынды студенттерді танытып, студент жастар үшін түрлі жобалар жасап, пікірсайыс турнирлерін, түрлі акциялар, флешмобтар өткізеді, студенттердің өзін-өзі басқару жетекшілері арасында семинар-тренингтер, конкурстар ұйымдастырады.


Студенттің жан-жақты дамуы мен шығармашылық әлеуетін қалыптастыруда университеттің жастар ұйымдарының мәні зор. Бүгінгі таңда Жастар саясаты бөлімінде мынадай студенттік ұйымдар, бірлестіктер жұмыс істейді.





СПОРТ КЛУБТАРЫ



Футбол
Баскетбол
Волейбол
Каратэ
Шахмат
Тоғызқұмалақ



ДЕНСАУЛЫҚ

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің білім алушыларына қалалық № 8 емханада дәрігерлік қызмет көрсетіледі. Университеттің 3 оқу ғимараты мен № 1 студенттер үйінде ем-шара кабинеттерімен қамтылған дәрігерлік пункттер орналасқан. Сондай-ақ, қалалық студенттік емхана тарапынан білім алушыларға қызмет көрсету үшін 4 мейірбике бөлінген. Ақпан-наурыз айында студенттер міндетті медициналық тексеруден өткізіледі.

Студенттерге медициналық көмек пен кеңес Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, №13, “А”, “В” оқу ғимараттарында және №1, 2, 3, 4, 5 Студенттер үйінде орналасқан медпункт кабинеттерінде беріледі.



МАҢЫЗДЫ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІЛЕРІ

Call center (анықтама алу үшін)	8 (725) 2 40 07 05
Физика-математика Ибашова Альмира Байдабековна	8 778 484 64 23
Жаратылыстану Айтбаева Айгуль Ергеновна	8 701 610 17 36
Тарих және педагогика Таутаева Гүлдарига Батыршақызы	8 775 722 44 38
Филология Масалиева Жанар Амалбаевна	8 775 561 65 76
Дене шынықтыру және спорт Турыскулов Умиралы Жусипович	8 702 567 50 30
Өнер және білім Байбатшаева Айдайқыз Еркінбекқызы	8 701 403 48 09